

## "АйКүн" бөбекжай балабақшасы

"Тілден асқан- байлық жоқ!"

Балапан ересек тобы

Тәрбиеші: Тышимова А.Т

## «Тілден асқан байлық жоқ»

**Максаты:** Балаларға ана тілі туралы түсінік беру, білімін жетілдіру. Өзінің ана тіліне деген құрмет сезімін арттыру, тіл мәртебесін көтеру, таза сөйлеуге үйрету, өз ұлтына, еліне деген сүйіспеншілігін ояту. Туған халқының тілін қастерлейтін саналы да, парасатты азамат етіп тәрбиелеу.

Тәрбиеші:

Қазақ тілім өз тілім, ана тілім.

Абай, Мұхтар сөйлеген дана тілім.

Қастерлейді ұл-қызың мәңгі сені.

Болашағым, бақытым дара тілім- дей отырып Тіл мерекесіне орай ұйымдастырылған «Тілден асқан байлық жоқ» атты мерекелік ертеңгілігіне қош келдіңіздер.

(Балалар музыкамен шығады)

**Тәрбиеші :** Армысыздар, өнерлі де, асқақ рухты тәуелсіз елдің жас ұландары! Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі - қазақ тілі.. Балалар 1997 ж 22 қыркүйек Қазақстан Халықтарының тілдері күні деп жарияланды. Қазақстан Республикасы халықтарының тілдер күніне арналған мерекелік ертеңгілігімізді ашық деп жариялаймыз.

Әнұраны елімнің

Шақырады бірлікке.

Егеменді халқымның,

Болашағы бірлікте -дей келе барлығымыз орнымыздан тұрып  
Мемлекеттік гимнімізді айтып берейік.

Келесі кезекті балаларымыздың тақпақтарына берейік.

**Тақпақтар: Айзере**

Ана тілім біліп қой

Еркіндігің теңдігің

Ана тілім біліп қой,

Мақтанышы елімнің.

Ана тілім елдігім.

Ана тілім ерлігім.

Тілді биік құрметтеп.

Тойлап жатыр ел бүгін

**Раяна**

Сәлем бердім саған елім

Тал бесігім туған жерім.

Сәлем бердім бәріңізге,

«Қазақ тілім» дендерге.

\*\*\*\*\*

Тілім дінім, самғаған шарықтасын

Самғаудан еш уақыт жалықпасын,

Өз алдында өмірден теңдік алған

Ана тілім көгімде қалықтасын.

**Алуа :**

Құлактан кіріп бойды алар.

Әсем әнмен тәтті күй.

Көңілге сырлы ой салар.

Әнді сүйсең менше сүй- деп Абай атамыз айтқандай келесі кезекті әсем  
әнге берейік.

«Ана тілім» әні.

«Мақал сөздің мәйегі» демекші туған тілімізге, байланысты  
балаларымыз мақал-мәтел біледі екен олай болса тыңдап көрейік.

**Арлан**

Ана сүті бой өсіреді,

Ана тілі ой өсіреді.

**Меруерт**

Туған ел-тұғырың  
Туған тіл қыдырың.

**Бексултан**

Ана сүті бой өсіреді,  
Ана тілі ой өсіреді.

**Би: «» Ұлдар**

**Жарайсыңдар, балалар!!**

**Рамина**

Тілдің жайын бар жанымен ұғыпты,  
Ана – тілі перзенті үшін тұнықты.  
Сол перзенттің тіл деп соққан жүрегі,  
Қуаныштан сонда егіліп тұрыпты.

«Ана тіліміз» туралы көріністі тамашалаңыздар.

**Келесі кезекті балаларымыздың тақпақтарына кезек берейік**

**Расул**

Әр бір тілінде сөйле әлемді таң қылып.  
Ана тілін білмеу қандай заңдылық.  
Өсер бабаң, байтақ далаң тұрғанда.  
Қазақ тілі жасау керек мәңгілік

**Аяла Т**

Жетер енді әпкімге бір ермейік  
Қазақ болсаң құлашты бір сермейік.  
Қанға сіңген ана тілің халқым ау.  
Шұбарлауға жол бермейік.

**Сара**

Қазақ қазақ болғалы.  
Тіл үшін күрес көргені  
Көргені көп тілімнің.  
Мүмкін емес өлгені.

### **Дияр**

Тілім барда мақтанам  
Тілім менің аппақ ән.  
Бірлігімді бүгінгі,  
Ана тілім сақтаған.

### **Назима**

Тіл ұлттың жаны, халықтың асыл белгісі. Қазақ тілі ғасырлар бойы ата-бабамыздан келе жатқан аманат. Олай болса әнге кезек берейік.

**Ән:** «Қазақ тілі»

М. Орнықбайқызы

### **Бекет**

Тіл тамыры терең тартқан жайсаң ел.  
Аласармас алдымызда арқа бел.  
Болашаққа биік болып барынша  
Азат елдің ана тілі арта бер

Елбасымыз Қасым Жомарт Тоқаев «Қазақстанның болашағы- қазақ тілінде» деп айтқандай сендер осы ана тіліміздің мәртебесін биікке ұшыратын сұңқары, бәйгенің алдын бермес тұлпары болуларыңа тілектеспін.